

## PAPER DETAILS

TITLE: ALTAYISTIK ALANINDAKI DIL INCELEMELERININ ANTROPOLOJIK PROGRAMI: «DIL VE  
INSAN» SORUNUNUN SOMATIK KODU

AUTHORS: Gülgaysa Sagidolda

PAGES: 409-418

ORIGINAL PDF URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/305252>

□ *Gülgayşa Sagidolda*

**ҚР БФМ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ҒЫЛЫМИ  
ҚЫЗМЕТКЕРІ**



**Алтаистика Саласындағы Тілді Зерттеудің  
Антрапологиялық Бағдарламасы: «Тіл Және Адам»  
Проблемасының Соматикалық Коды**

**ALTAYISTİK ALANINDAKİ DİL İNCELEMELERİNİN ANTROPOLOJİK  
PROGRAMI: «DİL VE İNSAN» SORUNUNUN SOMATIK KODU**

**AN ANTHROPOLOGICAL PROGRAM IN LANGUAGE STUDIES IN  
ALTAISTICS: THE SOMATIC CODE OF THE  
“LANGUAGE AND MAN” PROBLEM**

**ABSTRACT**

The present day, the time of information technology and globalization, requires consideration of language in context of the three «Nature-Man-Society», and human nature in unity with the historical-cultural, political-social life of ethno lingual community like ethnic group, nation, people, as the result of cognitive, social-cultural actions accrued in the process of learning, development and use the environment by an ethnic group.

«Human image in a language» on a scientific pedestal of the problems like «language and human physiology», «language and psyche of an individual», «language and human nature, behaviour», «language and communication» is a new and untouched theme in the major areas of science like Altaic, Turcology, Mongolology directed from purely linguistic properties to interdisciplinary complexity. It is important to define the conceptual models common to Turkic-Mongolian in the system of historic, cultural, psychological and other reasoned concepts of a man objectified with the help of the language tools

and approaches of research in the linguo-anthropological and linguo-cultural aspects. As a fragment of the language picture of the world, «human image in a language» is a little bit different from the traditional, scientific, philosophical, religious, poetic and other conceptual world models formed in human cognitive activities.

Here the scientific concept about «human and his environment» takes place alongside the commonplace notions of ethnicity and the real concepts, defined empirically, take place alongside the fantastic, mythical and poetic concepts. So, there is no order and system in «human image in a language» characteristic to scientific, philosophical, religious and other conceptual models. Despite this, «human image in a language» accumulates the most ancient and current concepts about man objectified by language system. It is studied from different angles as it covers the whole semantic space of language. In this regard, to understand the name of human body parts and somatic phraseologisms formed with them as a text in the ethnic-cultural context leads to consider «human image in a language» in the system of signs. It is because somatic phraseologisms are not only the language models of human sense of the outside world and logical reasoning, but the somatic code that leads to the most ancient archaic knowledge of ethnic group about human anatomy, physiology and psychology.

The somatic code in the phraseologic fragment of human image in language is the system of symbols which connects linguistic and non-linguistic mechanisms of every day communication between people and the process of human «socialization». It is based on human body in the ethnic worldview, effects of environment on the human body, and «internal reaction», commonplace knowledge with the anthropological nature about its appearance. So, in studying the human image in on the Turkic-Mongolian level somatic code can be not a purely scientific, but additional linguistic mechanism for determining archaic fund of knowledge common to Turkic and Mongolian people and for understanding the phenomenon of man.

#### Kew Words

Anthropological Programs, Altaistics, somatic code, language and man

## Резюме

Мақалада «Табиғат–Адам–Қоғам» проблематикасы «тіл және мәдениет» тоғысында өзектеліп, адам феноменін түсінуге қатысты жинақталған түркі–моңғолға ортақ архаикалық білім қорына жетелейтін лингвомәдени кодты анықтау мәселесі көтеріледі. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «Табиғат–Адам–Қоғам» штігі контексінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты этнотілдік қауымдастықтың тарихи–мәдени, саяси–әлеуметтік өмірімен біртұастықта қарастыруды талап етеді. Себебі белгілі бір этностың қоршаған ортаны тануы мен білуі, игеруі мен қажетіне жаратуы барысында жинақтаған танымдық, қоғамдық–мәдени іс–тәжірибесінің нәтижесі тіл арқылы бекиді, тіл арқылы келер үрпаққа табыс етіледі.

«Тілдегі адам бейнесі» алтаистика, түркітану, моңғолтану сияқты таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бүрған субелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да соны тақырып. «Тілдегі адам бейнесін» түркі және моңғол тілдері материалдарына сүйеніп, лингвоантропологиялық және лингвомәдениеттанымдық аспектілерде зерттеудің маңызы зор. Әйткені бұл бағыттағы зерттеулер тілдік құралдар мен амал–тәсілдердің көмегімен обьективтенетін адам туралы тарихи, мәдени, психологиялық т.б. үәждемелі түсініктер жүйесіндегі түркі–моңғолға ортақ концептуальдық моделдерді айқындауға көмектеседі.

Дүниенің тілдік бейнесінің фрагменті ретінде «тілдегі адам бейнесі» адамның танымдық іс–әрекеті барысында қалыптасатын дәстүрлі, ғылыми, философиялық, діни, поэтикалық т.б. концептуалдық дүние моделдерінен өзгешелеу болып келеді. Мұнда «адам және оның ортасы» жайлы ғылыми түсінік этностың қарабайыр түсініктерімен, ал эмпирикалық түрғыдан дәйектелген шынайы ұғым–түсініктер фантастикалық және мифтік–поэтикалық түсініктермен қатарласа орын табеді. Демек, «тілдегі адам бейнесінде» ғылыми, философиялық, пәлсафалық–діни т.б. концептуалдық модельдерге тән реттілік пен жүйелілік болмайды. Әйтседе «тілдегі адамның бейнесі» тілдік жүйе арқылы обьективтенетін адам туралы ең көне және ең өзекті ұғым–түсініктердің барлығын өз бойына жинақтайды.

Тілдегі адам бейнесінің фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық код–адамдар аралық құнделікті–тұрмыстық қарым–қатынастың тілдік және тілдік емес тетіктерін адамның «әлеуметтенуі» процесімен ұштастыратын шартты белгілер жүйесі. Оның негізгі арқауын этностың дүние бейнесінде бекіген адам организмі, сыртқы ортасың адам организміне әсері, соның салдарынан пайда болатын адамның «ішкі реакциясы» және оның сыртқа шығу жолдары туралы антропологиялық сипаттағы «қарабайыр» білімі құрайды. Демек, тілдегі адам бейнесін түркі–моңғолдық деңгейде зерттеуде соматикалық код адам феноменін түсінудің таза ғылыми емес, бірақ оны біршама толықтыратын түркі және моңғол халықтарына ортақ архаикалық білім қорын айқындаудың лингвистикалық тетігі бола алады.

## Бұлақты сөздер

Антропологиялық бағдарламасы, алтаистика, соматикалық коды, тіл және адам

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні белгілі.

Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаңандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «Табиғат-Адам-Қоғам» үштігі контексінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты этнотілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді. Өйткені белгілі бір этностың қоршаған ортаны тануы мен білуі, игеруі мен қажетіне жаратуы барысында жинақтаған танымдық, қоғамдық-мәдени іс-тәжірибесінің нәтижесі тіл арқылы бекиді, тіл арқылы келер үрпаққа табыс етіледі.

Тіл бірліктері арқалаған мән-мағыналар және олардың ассоциациялық жүйесі арқылы этностың мифологиялық танымы, философиялық ой-тұжырымдары, салт-дәстүр, наным-сенімі, жөн-жосын, ырым-тыйымы, адам және оның ортасы жайлы ұғым-түсініктеп жаңғыртылып отырады. Этностың концептуалдық білім жүйесіне заман талабына сай енетін өзгерістер мен түзетулер, толықтырулар да тіл арқылы жүзеге асады. Бұл ретте тіл бірліктері арасынан фразеологизмдерді дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментін сомдайтын және этникалық мәдениетті таңбалайтын тілдік модельдер түрфысынан қарастырудың маңызы ерекше. Себебі тілдің коммуникативтік, әлеуметтік, құммулятивтік қызметтері мен эстетикалық, поэтикалық, бейнелілік, көрнекілік қасиеттерінің тұтасуы фразеологизмдерде анық байқалады. Сондықтан тіл-тілдегі фразеологизмдерді «тіл-адам-мәдениет» үштігі контексінде зерттеп, олардың этномәдени мазмұнын «тілдегі адам факторымен» сабактастыру, соның негізінде ұлттық-мәдени құндылықтардың, мәдениет константтарының тілдегі көрінісін айқындау-қазіргі тіл біліміндегі антропоцентрлік бағыттың өзекті мәселелерінің бірі болуда.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталып, зерттеу нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудыруши, қолданушы, жарыққа шығарушы адам-субъектіге ауыстырылады. Ал тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл-субектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

Антропоцентристік парадигмадағы тілді зерттеудің антропологиялық бағдарламасы адам және оның тілі арасындағы байланысқа қатысты мынадай мәселелерді ғылыми зерттеудің ең маңызды проблемалары етіп ұсынады: 1) тіл және адамның рухани белсенділігі; 2) тіл және адамның ой-санасы; 3) тіл және адам физиологиясы; 4) тіл және индивидтің психикасы; 5) тіл және мәдениет; 6) тіл және адамның мінез-құлышы, жүріс-тұрысы; 7) тіл және қарым-қатынас; 8) тіл және қоғам; 9) тіл және адами құндылықтар; 10) тіл және таным т.б. Осы түрфыдан келгенде, антропологиялық ұстанымды тілді зерттеуге негіз ету тіл болмысының алған түрлі қырларын теориялық түрфыдан біріктіруге, байланыстыруға мүмкіндік берері сөзсіз [1, 9].

Бұл проблематикалардың арасынан «тіл және адам физиологиясы», «тіл және индивидтің психикасы», «тіл және адамның мінез-құлышы, жүріс-тұрысы», «тіл және қарым-қатынас» мәселелерінің ғылыми тұрынына алынатын «тілдегі адам бейнесі» алтаистика, түркітану, моңғолтану сияқты таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бүрған сүбелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да соны тақырып болып табылады. «Тілдегі

адам бейнесін» түркі және монғол тілдері бойынша лингвоантропологиялық және лингвомәдениеттанымдық аспекттерде зерттеудің тілдік құралдар мен амал-тәсілдердің көмегімен объективтенетін адам туралы тарихи, мәдени, психологиялық т. б. үәждемелі түсініктер жүйесіндегі түркі-монғолға ортақ концептуальдық моделдерді айқындаудағы маңызы зор.

Дүниенің тілдік бейнесінің фрагменті ретінде «тілдегі адам бейнесі» адамның танымдық іс-әрекеті барысында қалыптасатын дәстүрлі, ғылыми, философиялық, діни, поэтикалық т.б. концептуалдық дүние моделдерінен өзгешелеу болып келеді. Мұнда «адам және оның ортасы» жайлы ғылыми түсінік этностиң қарабайыр түсініктерімен, ал эмпирикалық түрғыдан дәйектелген шынайы ұғым-түсініктер фантастикалық және мифтік-поэтикалық түсініктермен қатарласа орын тебеді. Демек, «тілдегі адам бейнесінде» ғылыми, философиялық, пәласафалық-діни т.б. концептуалдық модельдерге тән реттілік пен жүйелілік болмайды. Сейте тұра «тілдегі адамның бейнесі» тілдік жүйе арқылы объективтенетін адам туралы ең көне және ең өзекті ұғым-түсініктердің барлығын өз бойына жинақтайды. Тілдің семантикалық кеңістігін тұтастай қамтитындықтан ол әр қырынан зерттеледі [2]. Осы орайда адамның дene мүшелерінің атаулары және олардың қатысы арқылы жасалған соматикалық фразеологизмдерді этномәдени мазмұндағы мәтін ретінде түсіну «тілдегі адам бейнесін» таңбалық жүйе ретінде қарастыруға жетелейді. Өйткені соматикалық фразеологизмдер – адамның сыртқы әлемді сезінүі мен түйсінүінің, дүниені қабылдауы мен логика-танымдық деңгейде пайымдауының тілдік модельдері ғана емес, адам анатомиясы, физиологиясы және психикасы туралы этностиң ең көне, архаикалық біліміне жетелейтін соматикалық код болып саналады. Ал дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде сомдалатын «тілдегі адам бейнесін» зерттеу барысында:

- 1) адам феноменін түсінудің таза ғылыми емес, бірақ оны біршама толықтыратын лингвоантропологиялық қосымша тәсілін қалыптастыруға болады;
- 2) әлемнің көзге көрінбейтін дерексіз саласына жататын психикалық феномендерді «дүниені танудың тілдік логикасы» түрғысынан түсіндіру жеңілдетіледі [3, 67];
- 3) сананың образды-ассоциативтік саласының қолдауын қажет ететін шындық болмыстың айқын емес басқа да қырларын танып-білуғе, сондай-ақ адамның денелей алған тәндік тәжірибесін жалпылауға және шығармашылықпен өңдеуге жол ашылады;
- 4) «адамның ішкі және сыртқы әлемі» туралы түсініктердің ұлттық және әмбебаптық сипаты арасындағы корреляцияны айқындауға мүмкіндік туады.

**Дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде кеңістік, субъект, обьект, құрал, тетік сияқты жалпыхалықтық семантикалық категориялар** арқылы адамның ішкі жан дүниесіне тән құбылыстар адамның сыртқы дүниесіне (тәндік, табиғи және әлеуметтік әлемі), оның процессуалдық-оқиғалық, заттық-кеңістіктік сипаттамасына үқастырылады әрі сәйкестендіріледі. Соның негізінде адам организмінде жүрілетін психофизиологиялық өзгерістер қандай да бір эмоцияны танытатын «сыртқы» белгілерге алышып, тілде сан алуан сезімнің көрнекі суреттемесі жасалады. Мәселен, «қорқыныш» сезімінің адам организміне әсері дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде «сыртқы орта салдарының нәтижесі» түрінде қысқа да нұсқа түрпаттағы бейнелі оралым болып бекиді.

Қорқу эмоциясы кезінде адам организмінде болатын психофизиологиялық өзгерістер қазақтың дүние бейнесінде көзі шарасынан шығу/ екі көзі атыздай болу/ екі көзі алақандай болу, көзіне қос көрінү, жаны көзіне көрін, жүргегі мұздап (сүйіп) қоя беру, жүргегі өрікпү (сүйлдау), жүргегі солқ (зырқ, бұлқ) ету, аза бойы қаза тұру, тәбе қүйқасы шымырлау, арқасы мұздап қоя беру, тұла бойы тұршигү, есі кету, жаны қара бақайына кету, жаны тырнағының ұшына келу, зәре құтты қалмау, зәресі зәр түбіне кету, иманы қасым болу деп сипатталатын болса, ал монғол тілінде «қорқу» эмоциясын танытатын сыртқы белгілерге сұнс нь халих (сөзбе-сөз: «үрейі ұшу»), урагш ұ гүй, хойш ұ гүй зогсох (сөзбе-сөз: «алдыға да жоқ, артқа да жоқ тұрып қалу»), толгойны ұс босох (сөзбе-сөз: «басының шашы тұру»), оройн ұс өрвөсхийх (сөзбе-сөз: «орайының шашы тікірею»), үнхәлцәг нь хагарчих шахах (сөзбе-сөз: «жүрек қабы жарыла жаздау»), нұд нь орой дәэрәэ гарах (сөзбе-сөз: «көзі орайына шығу»); хәл нь ороолдох (сөзбе-сөз: «тілі оратылу»), ам нь зуурчихсан юм шиг болох (сөзбе-сөз: «аузы қарысып қалғандай болу»), нуруу руу хүйт орох (сөзбе-сөз: «арқаға қарай сұық кеулеу», яғни дene түршігү), өвдөг нь чичрәх (сөзбе-сөз: «тізесі дірілдеу») т.б. тәрізді бейнелі атаулар алынады.

Тілдегі адам бейнесінің фразеологиялық фрагментінде соматикалық код тысқары ортаның адам организміне және адамның ішкі жан дүниесіне әсерінен туындайтын әр түрлі сезімдер мен сан-алуан көңіл-күйдің пернесін адамның сыртқы пішініндегі өзгерістер арқылы тап басып танудың және танытудың амал-тәсілдерін жинақтайты. Себебі соматикалық фразеологиямдердің көмегімен тысқары ортаның әсеріне (қандай да бір өмірлік жағдайлар, оқиғалар, басқа адамдардың іс-қимыл әрекеті т.б.) жауап ретінде қайтарылатын ым, ишара, дene қымылы және организмнің «ішкі реакциясы» вербалданады. Басқаша айтқанда қарым-қатынастың бейвербалды амалдары мен адамның ішкі жан-дүниесіндегі өзгерістердің бейнелі сипаттамасы тілдің коммуникативтік қызметін жүзеге асыруға қажет тілдік құралдарға айналады. Сыртқы ортаны, өзінен тысқары әлемді адам есту арқылы ғана емес, көру, иіс, дәм, тері, тепе-тендік (интуитивтік түйсік) сияқты сезім ағзалары арқылы да қабылдайтындықтан, организмге әсер ететін сыртқы тітіркендіргіштердің жағымды не жағымсыз әсерінен туатын «ішкі реакцияны» және олардың «сыртқы» көрінісін сипаттау арқылы адамның сезім жағдайын, көңіл-күйін бейнелеп көрсетуде соматикалық код әмбебаптың танытады. Мәселен, қазақы дүние бейнесінің фразеологиялық фрагменті жағымды әсерге орай адамның ішкі органдарында жүретін өзгерістерді қаның қыздырыды (елітті, еліктірді), қолқасы үзілді (тым өбексіді), көмейі суырылды (шешіліп сейлеп кетті), бауыры езілді, бауыры балқыды, ет жүргегі елжіреді, жүргегі орнына түсті т.б., ал жағымсыз әсердің салдарын миы ашыды, қаны миына шапты, қаны қарайды, қаны қайнады, қанын ішіне тартты, қолқасын суырып әкеткендей болды, бауыры суып сала берді, іші солқ ете қалды, өті жарылды, қабырғасы қарқырады, қабырғасы қайысты, шабына шоқ түскендей болды, жүргегі шайлықты, жүргегі от болып жанды, жүргегіне жара салды, ішек-қарны үдай ашыды, іш жарасы жазылмады, ішкені ірің, жегені желім болды, ішін жегідей жеді, іші суыды т.б. деп «ішкі реакциялардың» бейнелі сипаттамасы түрінде соматикалық кодқа түсіреді.

Монғолдың дүние бейнесінде «төс жүрек ауыру» (өр зүрх өвдөх) қайғы қасірет, үайымның жанға батының, «жүректі өлтіру» (зүрхийг ұхүүләх) көңілді қайтарудың, «жүректі инемен түйрекендей болу» (зүрхийг зүүгәэр шивәш шиг болох) ішкі жан дүниеге жағымсыз әсердің, «жүрек жетпеу» (зүрх хүрәхгүй) батылы бармаудың, «өкпе жүрек ауыздан шығу» (уушги зүрх

амаара гарах) қатты қорқудың, «жұтқыншақты қуалату» (багалзуураа хөөлгөх) шу көтеріп, айқайлап бажылдаудың, «алқымы сазды болу» (хоолой цээлхэн байх) жақсы ән айтудың, «қарынға жабысқан талақтай болу» (гүзээнд налдсан дэлүү шиг болох) біреудің қыр-соңынан қалмаудың, «өзек тамырды шеңгелдеп ұстай, уыстай» (гол судсы нь атгах) мәселенің түбіне бойлап, түйінін шешудің, «суық тері шығу» (хүйтэн хөлс гарах) қатты қуанудың немесе қатты қорқудың белгісіне алынады.

Тілдегі адам бейнесінің соматикалық коды ойдың теренділігі мен қисындылығын, нақтылығы мен мәнерлілігін жүзеге асырудың экспрессивтілік пен эмоционалдық, айырықша бейнелілік пен бағалауыштық тетіктерін іске қосып, адамдар арасындағы тілдік емес қатынас амалдарының фразеологизациялануына үйтқы болады. Мәселен, бейвербалды амалдардың фразеологизациялануына зер салсақ, бас, бет-әлбет, дene түркы, қол, аяқ сияқты сыртқы органдардың әдеттегіден өзгеше қимыл-қозғалыстарының адамдар арасындағы қарым-қатынаста қандай да бір мән арқалап, мағыналық сипат алуы ым-ишара, дene тілінің және адамның «ішкі реакциясының» сөзбен өріліп, бейнелі сөз тіркестеріне айналуына негіз болатыны байқалады. ым, ишара, дene тілінің вербалдануы процесі этностың адам дene мүшелерін тысқары дүниенің физикалық әсерін, тітіркендіргіш қүшін қабылдауға және оған жауап қайтаруға қабілетті «заттық құрал» деп таныған архаикалық «қарапайым» түсінігі ескерілетінін айғақтайды.

Адамның «ішкі реакциясы» сыртқы органдардың, айтальық маңдай, көз, қас, қабақ, кірпік, мұрын, ауыз, ерін, құлақ, тіл, тіс, таңдай сияқты адамның бет-әлппетін құрайтын дene мүшелерін, сондай-ақ бас, иық, мойын, қол, аяқ, тізе т.б. адамның дene түркын құрайтын сыртқы органдарды қалыптан тыс, әйтсе де лингвомәдени ортаға етene таныс, мағыналық жүк арқалаған қимыл-әрекеттер жасауға итермелейді. Басқаша айтқанда «ішкі реакция» адамның қандай-да бір сезім жағдайынан, көніл қүйінен хабар беріп, бет-әлппетегі өзгерістер, ишаралық қимылдар түрінде сыртқа теуіп шығады. Соның нәтижесінде тілдік емес қатынасты жүзеге асырудың бейвербалды амалдары қалыптасады. Мысалы, қазақ тіліндегі: *тұсі бұзылу, танауы қусырылу, қабағы дірілдеу, көзіне жас алу, көзіне қан толу, жүзін төмен салу, күре тамыры адыраю, қояншығы ұстай, шалқасынан тұсу, тісін қайрау, еki беті бал-бұл жайнау, жүзі жарқырау, санын шапалақтау, шашын жұлу, бетін тырнау, қолын бір сілтеу, түгі сыртына тебу, төбесі көкке жету, төбесінен сүық су құйып жібергендей болу* т.б.; монғол тіліндегі: *нүүр халах* (сөзбе-сөз: «бет қызы»)-ұялу, *нүүрнийхээ арьсаар хуурах* (сөзбе-сөз: «бетінің терісімен алдау»), зүсээ хувилгах (сөзбе-сөз: «жүзін өзгерту»)-өзінің шын болмысын жасыру, *нүүрий нь улайлгах* (сөзбе-сөз: «жүзін қызарту»)-ұялту, *ам чихэндээ хүртәл цуурах* (сөзбе-сөз: «аузы-құлағына дейін жыртылу»), *хәл амаа билүүдәх* (сөзбе-сөз: «тіл-аузын қайшылау»), *амаа барих* (сөзбе-сөз: «аузын ұстай»)-қапы қалу, өкіну, *араагаа зуух* (сөзбе-сөз: «аузын қайрау»)-біреумен іштей кектесу, өштесу, *арааны шұлс асгарах* (сөзбе-сөз: «азудың сілекейі төгілу»)-таңырқау, қызығу, *гараа хұмхиж сух* (сөзбе-сөз: «қолын бүгіп отыру»)-босқа қарап отыру, *хөлөө хұмих* (сөзбе-сөз: «аяғын жинау»)-именү, *бөгс өндөлзөх* (сөзбе-сөз: «бөксе қопактау»)-орнығып отыра алмау, *гар сунгах* (сөзбе-сөз: «қол созу»)-көмектесу, т.б. бейбербалды амалдар және олар арқалаған мән-мағына коммуникативтік актіде тілдік қатынастың нәтижелі болуына белгілі дәрежеде ықпалын тигізеді.

Адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен әлеуметтік орта аралық байланыста қандай да бір өмірлік қажеттілікті өтеуге бағытталған жағымды немесе жағымсыз қимыл-әрекет адамның ішкі сезімдік әрекетіне қозғау салып, сезім жағдайының ауыр не жеңіл, көңіл-күйдің көтерінкі не тәмен болуына ықпал етеді. Мұндай өзара себептік байланыстардың «айрықша бейнелі, суретті түсініктемесі» дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде көбінесе соматикалық кодпен таңбаланады. Басқаша айтқанда, адамның жағымды, жағымсыз әрекеттерін, ішкі сезім иірімдерін бейнелеуде фразеологиялық дүние бейнесі адамның сыртқы бет әлпеттетіндегі, дene мүшелерінің, ағзалардың қалыпты жағдайдан тыс қимыл-қозғалыстарындағы, дene бағытындағы өзгерістерге жүгінеді.

Адамдардың қарым-қатынас жасау дағдылары адамның бет-әлпетіндегі өзгерістерді «оқи алуға», сол арқылы коммуниканттардың ойлары мен сезімдерін тап басып тани алуға да байланысты десек, психологиярдың зерттеулері бойынша адамның бет-әлпетінің 7000-ға жуық түрі кездеседі және олар өте тез өзгере алады екен. Бет-әлпетті көзben шолу қатынасы-адамдар арасындағы тілдесім әрекетінің табысты, нәтижелі болуына жетелейді.

Адамдар бетпе-бет сөйлесуде айтылған сөздің немесе сөйлемнің қатысымдық мағынасы мен ойдың идеялық мазмұны арасындағы сәйкестікті, алшақтық пен жақындықты көзben шолу қатынасы арқылы ажыратады. Көзben шолу қатынасының ұзақтығы агрессияны не құштарлықты, тым қысқа болуы-жалғандықты, ұялуды немесе ұнатпауды білдіретін болса (көзінің құртын салу, көз сұғын қадау, көз айырмау, көзін төмен салу, көзін шақшиту, көзін сүзу, көзіне ілмеу т.б.), өтірік айту, жалған сөйлеу әрекеті адамда қысылу, ұялу, ыңғайсыздану, абыржу, еріксіз күлу сияқты сезімдерімен қабаттасып келіп, бет-әлпette беттің қызаруы, көздің бұрылып кетуі, құлкінің сап тыылуы, еріннің аздап қисаюы т.б. өзгерістерді пайда болдырады. Демек мұндай өзгерістер фразеологиялық аталым процесінде жалған сөйлеу, өтірік айту әрекетінің, одан туындағы ұялу, қысылу сезімдерінің басты «белгісіне» алышып, оларды білдіретін ұғымдар қазақы дүниенің тілдік бейнесінде екі бетті ду ете қалу, бетті қызару, беттіне қаны шапшу, бетті күю, көзін төмен салу, екі құлағының ұшына дейін қызару, жүзін тайдауру, бет моншағы үзілу, беттін айдаі қылу, беттін аймандаі ету, беттінен арын төкті, беттінен оты шығу, беттін шидей қылды, бетті шыдамады т.б сияқты соматикалық модельдермен таңбаланады. Ал нағыз өтірікшінің ұялу, қысылу, әбіржу сияқты ішкі сезім иірімдерін жасыра білу қабілеті бет-әлпетін менгеру шеберлігімен ұштастырылып, «өтірікші» образы қазақ тілінде аузы мұрны қисаймау, бет-аузының бұлк етпеу, бетті шімірікпестен, бетті былаи етпеу т.б., монғол тілінде нұд хялайтал хуурах (сөзбе-сөз: «көз жымындағы алдау»)-көзін бақырайтып қойып, нұуру хагарах (сөзбе-сөз: «беті сыну»)-ұялмау, зузаан нұүртәй (сөзбе-сөз: «қалың бетті»), ичих нұүрәндәэ әләг наах (сөзбе-сөз: «ұялар бетке бауыр жапсыру»)-шімірікпеу, т.б. соматикалық фразеологиямдердің көмегімен сомдалады.

Адамның тұрмыстық практикалық іс-әрекетінде дene мүшелерінің атқаратын қызметтеріндегі қандай да бір ортақтық адам санаында оларды бір топқа біріктіруге арқау болады. Мәселен, адамның тілдік қатынасқа түсүі, сөйлеу әрекеті ауыз, ерін, тіс, таңдай, тіл, жақ, көмей сияқты сөйлеу аппаратына жататын органдардың көмегімен жүзеге асатыны белгілі. Олардың бұл қызметте жұмсалмауы оларды «сөйлемеу», «ұн демеу» ұғымы төңірегіне біріктіріп қана қоймайды, тілдік қатынас жағдайында сөйлемей, ұн демей қалған адамның психофизиологиялық жай-күйінің бейнесін сомдауға негіз етіледі. Мысалы: қазақ тілінде. аузын

аша алмау, аузына тас салғандай, бір ауыз сөз қатпау, аузын бағу, аузына ие болу, аузына сақ болу, жұмған аузын ашпау, тіс жармау, тісінен шығармау, тіл қатпау, тілі күрмеліп қалу, жағы қарысқандай, тіл аузы байланып қалу, көмейіне құм құйылу, үн жоқ, түн жоқ т.б.; монғол тілінде: *амаа татах* (сөзбе-сөз: «аузын тарту»), хәл нь *татсан юм шиг* (сөзбе-сөз: «тілі тартылып қалғандай»), *булх залгисан юм шиг* (сөзбе-сөз: «сіңір жүткәндай болу»), хәл нь *ороолдох* (сөзбе-сөз: «тілі оралу»), *шұд зуух* (сөзбе-сөз: «тіс тістегу», тістену), *дуу ч үгүй, шуу ч үгүй* (сөзбе-сөз: «үн де жоқ, шу да жоқ»), *уруулаа хазах* (сөзбе-сөз: «ернін тістегу») т.б.

Адамның көз, қас, қабак, мұрын, ауыз, ерін сияқты мүшелерінің, бас, қол, аяқ, бет бұлшық етінің қимыл-қозғалыстарының адам эмоциясын, ішкі сезімін белгілі дәрежеде білдіре алуы қарабайыр-тілдік дүние бейнесінде адамның күрделі сезім іірімдерін образды-метафоралық және экспрессивті-эмотативтік деңгейде жеткізудің негізіне алынады. Мысалы, қас пен қабак, мұрын, ерін қозғалыстары әдетте негативті эмоцияны білдіреді. Қабақтың түйілуі, екі қастың ортасында сызықтың пайда болуы, қастың керілуі, мұрынның тыжырылуы, әдетте, ұнатпауды, ал еріннің қатты жымқырылуы ашудың тежелуін, күйгелектенуді, симметриялы емес бағыттағы қозғалысы кекесінді білдіреді. Осындаған бейбербалды амалдар, айталық, қазақ тілінде көздің ұшқын атуы (*көзі шоқтайды жайнады*), беттің ажарлануы (*екі беті бал-бұл жанды*), екі езудің құлаққа қарай жайылуы (*екі езуі екі құлағына жетті*) қуануды, ауыздың ашылып қалуы (*аузын ашилп, көзін жұмды*) таңдануды білдіретін болса, ал монғол тілінде қатты қуанудың белгісіне «мандайдың жазылуы, кенүі» (*магнай тәниих*), ұялудың белгісіне қызару, яғни «бетінен от шығу» (*нүүрнәэс гал гарах*), ерекше таңырқаудың белгісіне «аузы аңқайып отыру (ам ангайж суу)

алынады. Сол сияқты қаз. *ала көзімен ату*, монғ. *нүдний цагаанаар үзәх*(сөзбе-сөз: «көздің ағымен көру»)-жай жақтырмая емес, іштей қатты жек көру, қаз. *мұрнын шүйіру* (паңсыну, тәкаппарлану), монғ. *хошуу дүрәх* (сөзбе-сөз: «тұмсық сүфү»)-орынсыз киілігу т.б. Осылайша дүние бейнесінде адамның өзі де байқай бермейтін қым-қиғаш сезімдерінің сыртқы көрінісінің тілдік сипаттамасы жасалады.

Сонымен, соматикалық фразеологизмдерді, біріншіден, адам санасында сезімдік-көрнекі дүние суретін қалыптастыратын тілдік модельдер; екіншіден, тіл иесінің (этностың, ұлттың, халықтың) «сыртқы әлем: адам организмі : ішкі әлем» аралық байланысқа қатысты жинақтаған білімін тілінде бекітудің, сақтаудың тетіктері деп санауға болады. Сондықтан адамның ұнату /ұнатпау, жақсы көру/жек көру, ашулану/ ашуын жеңу, төзу/ төзбеу, қорқу/қорықпау, сасқалақтау/ сабырлы болу, ләззат алу/ ракхаттанбау, қанағаттану/қанағаттанбау, байқау/байқамау, ұялу/ұялмау, жадырау/өкпелеу, ренжү/кешіру, күйіну/салғырттық таныту, қайғыру/қайғырмаяу тәрізді толып жатқан қым-қиғаш сезім әлемін, көңіл-күйді білдіретін соматикалық фразеологизмдер дүние бейнесінде:

- 1) сыртқы ортаның адам организмге әсерін сипаттайтын аталымдық белгі;
- 2) нақты психологиялық сәттің, жағдайдың бейнелі атауы;
- 3) белгілі бір сезім құрсауындағы адамның сыртқы түрпатының, кескін-келбетінің, бет-пішінінің, қимыл-әрекетінің суретті сипаттамалары ретінде тіркеледі. Осы түрғыдан келгенде, тілдегі адам бейнесінің фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық код дегеніміз-адамдар аралық күнделікті-тұрмыстық қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес тетіктерін адамның «әлеуметтененү» процесімен ұштастыратын шартты белгілер жүйесі. Оның негізгі арқауын

этностиң дүние бейнесінде бекіген адам организмі, сыртқы ортаның адам организміне әсері, соның салдарынан пайда болатын адамның «ішкі реакциясы» және оның сыртқа шығу жолдары туралы антропологиялық сипаттағы «қарабайыр» білімі құрайды. Демек, тілдегі адам бейнесін түркі-монголдық деңгейде зерттеуде соматикалық код адам феноменін түсінудің таза ғылыми емес, бірақ оны біршама толықтыратын түркі және моңғол халықтарына ортақ архаикалық білім қорын айқындаудың лингвистикалық тетігі бола алады.

### Әдебиеттер

Серебренников, Борис; Елена Кубрякова, Валентина Постовалова, Вероника Телия, Анна Уфимцева (1988). *Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира*. Наука. с. 216.

Арутюнова, Н. Д., И. Б. Левонтина. М. Индрік, Е. В Урысон. (Отв. ред.) (1999). Дух и душа: к реконструкции архаичных представлений о человеке. *Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке*. с. 11-26.

Телия, В. Н. (1987). О специфике отображения мифа психики и знания я языке. *Сущность, Развития и функции языка*. Москва. с. 65-74.

Yayıma Hazırlayan: Edanur Sağlam